## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Түркістан облысы Шардара ауданы Алатау батыр ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы 18 тамыздағы № 29 шешімі

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 69 бабының 4 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 1 тармағы 6) тармақшасына сәйкес, және жер учаскелерін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобаларын бекіту туралы №513 санды берілген күні 24.07.2025 ж. Шардара аудандық жер қатынастары бөлімі басшысының бұйрығына сәйкес ШЕШІМ ЕТЕМІН:

1. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамының филиалы-"Желі" дивизионы" бірлестігіне Түркістан облысы, Шардара ауданы, Алатау батыр ауылдық округі аумағынан жер учаскесінің жалпы алаңы 0,1705 га, ені 2 (екі) метр талшықты-оптикалық байланыс желісі жер телімдеріне осы шешімнің қосымшасына сәйкес, жердің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймастан жер учаскелеріне уақытша өтеусіз қысқа 3 (үш) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Осы қаулының қабылдануына байланысты, қолданыстағы заңнамаға сәйкес тиісті жұмыстар жүргізу "Қазақтелеком" акционерлік қоғамының филиалы-"Желі" дивизионы " бірлестігіне жүктелсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау ауыл әкімінің орынбасары С.Тасовқа жүктелсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімі:* *М.Ақжаров*

Алатау батыр ауылдық округі
әкімінің 2025 жылғы" "
________
№ ____шешіміне қосымша

### Шардара ауданы, Алатау батыр ауылдық округі аумағынан талшықты-оптикалық байланыс желісі жер телімдерімен қамтамасыз ету үшін қауымдық сервитут белгіленетін жер көлемі

| № | Жер учаске | қауымдық сервитуттың әрекет ету | соның ішінде | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ауыл шаруашылық | оның ішінде | | | | | | |
| | | | | | оның ішінде | | | | | |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | сінің орналас қан жері | көлемі ( гектар) | мақсаты н дағы жерлер | егіс тік | суармал ы егістік | көп жыл д ы қ екпе лер | шабын дық | жайы лым | Өзге жер лер | Орман қоры жері |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| 1 | Алатау батыр ауылдық округі, М.Айда ров пен Кисабек о в көшелер і | 0,1705 | - | - | - | - | - | - | - | - |
| | Барлығы | 0,1705 | - | - | - | - | - | - | - | - |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК